

**Қарағанды облысының Абай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 маусымдағы № 6/58 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 маусымда № 6442-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 43/395 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 18.12.2025 № 43/395 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс).**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына , "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Абай аудандық мәслихатының төрағасы*

*Д. Сакенов*